

ӘБ отырысында қаралды: Адылова Г.С.
ӘБ жетекшісі: Адылова Г.С.
№1 хаттама
«24» таңыс 2022 жыл

Келісілді: Таласпаева Т.Т.
оқу ісінің меңгерушісі
Таласпаева Т.Т.
«31» таңыс 2022 жыл

Бекітілді: Н.С. Нұрмуханов
«Сарысай орта мектебі» КММ
директоры Н.С. Нұрмуханов
«31» таңыс 2022 жыл



Сарысай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қарабекова Мөлдір Қыдырбайқызы
4 сыныпқа арналған
«Қызықты математика»

(вариативтік-компоненті, аптасына 1 сағат)

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Оқушының логикасын дамыту – ол оқу үрдісінде үздіксіз жүргізілетін жұмыстардың бірі. Қай кезде болмасын, не жайлы мәселе көтерсек те, ең алдымен, оның анықтамасына жүгінгеніміз жөн. Сондықтан, осы арада «логикалық есеп дегеніміз не?» деген орынды сауал туындайды. Математика ғылымындаоған төмендегідей анықтама беріліп жүр: «Арнайы формуласы болмайтын, әрқайсысы өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер деп атаймыз».

Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқаис – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі. Математиканың өмірмен байланысы анық. Миды жаттықтыру үшін адамға математиканы үйрену, есеп шығару, математиканың бүкіл заңдарын басқа ғылымдарды оқығанда пайдаланады. Біздің өміріміздегінің бәрі бір – бірімен тығыз байланысты. Тіршілік құбылыстарын бір – бірінен бөліп зерттеуге болмайды.

Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады. Логикалық есептердіңоқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады.Шығармашылық деңгейдегіесептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математикаапталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, түрлі жарыстарда, «Кенгуру» , «Ақбота» интеллектуалды ойындарында көп қолданылады. Логикалық есептердің саны да, шығару тәсілдері деалуан түрлі.

Бағдарлама мақсаты:

- оқушыларға ойлау заңдары мен логикалық формаларын білу, сондай-ақ практикада және күнделікті өмірде алған білімдерін іске асыру үшін қажетті дағдылар мен біліктерді қалыптастыру;
- оқушылардың стандартты логикалық операцияларды дұрыс және тез жасау, ойластырылған, салмақты шешім қабылдау, өз және бөтен ойлаудың іс-әрекеттері туралы дұрысайту, оппоненттерді пайымдауда қателер табу;
- білімді тереңдету, жинақтау және жүйелеу;

Міндеттері:

- оқушылардың логиканы зерттеуге деген қызығушылығын ояту және қолдау;
- логика алгебра заңдарын өз бетінше оқуға оқушыларды ынталандыру;
- оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру;
- әр түрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды тиімді және алгоритмдік ойлау, өнімді және өз бетінше шешу дағдыларын дамыту үшін оқу кеңістігін құру;
- әртүрлі стандартты емес міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарасты қалыптастыру.

Логикалық есептеу барысында оқушыларға қойылатын талаптар:

Оқушылардың білуі тиіс:

- Ауызша есептеу жолдарын;
- Тез есептеу әдістері;
- Логикалық есептерді әр түрлі тәсілдермен түрлендіре шешу әдістерін;

Оқушылар меңгеруге тиіс:

- Логикалық есептерді шешу тәсілдерін;
- Математикалық тілдесөйлеу машығын;
- Геометриялық фигураларды ажырату;
- Математика туралы және онда қолданылатын ойын әдістерін;

Оқушылар жасауға тиіс:

- Тарихи мағлұматтар жинақтауға;
- Логикалық есептерді аналитикалық, графиктік әдістермен шешуді;
- Математикалық ойын есептерді шығару тәсілдерін игеруді;
- Сандардың бөлінгіштік қасиеттерін білуді;

Пәнаралық біріктіру:

- Математиканың тарихпен байланысуы;
- Жұмбақ есептердің әдебиетпен байланысуы;
- Шырпымен басқатырғыштардың геометриямен байланысы;

Күтілетін нәтижелер

- оқушылардың білім сапасын және уәждемесін жоғары деңгейге көтеру;
- оқушылардың фактілерді, дәлелдерді талқылау, дәлелдеу, таңдау және ұсынылған шешімдерді негіздеу іскерліктері;
- оқушылардың нақты және дәйекті ойлау, өз ой-пікірлерінде қарама-қайшылықтарды болдырмау, логикалық қателіктерді ашу дағдылары;
- білімді тереңдету, жинақтау және жүйелеу;

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Ескерту
1.	Кіріспесәбағы	1	4.09	
2.	Сыйымдылық және оны өлшеу. Литр.	1	14.09	
3.	Сыйымдылық және оны өлшеу. Децилитр	1	21.09	
4.	Масса өлшем бірлігі килограмм	1	28.09	
5.	Масса өлшем бірлігі килограмм	1	5.10	

6.	Ұзындықты өлшеу. Метр	1	12.10	
7.	Километр	1	19.10	
8.	Сантиметр	2	26.10	
9.	Уақыт	1	9.11	
10.	Уақыт	1	16.11	
11.	Геометриялық фигураларды еске түсіру	1	23.11	
12.	Шаршы	1	30.11	
13.	Шаршы	2	7.12	
14.	Үшбұрыш	1	14.12	
15.	Шеңбер	1	21.12	
16.	Практикум сабағы	1	28.12	
17.	20 ға дейін қосу және азайту кестесі	1	11.01	
18.	100 ге дейін сандарды ондықтан аттап ауызша және жазбаша қосу мен азайту	1	18.01	
19.	1000 дейінгі сандардың құрылымы. Оқылуы және жазылуы	1	25.01	
20.	1000 дейінгі сандардың құрылымы. Оқылуы және жазылуы	1	1.02	
21.	Үш таңбалы сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері	1	8.02	
22.	Үш таңбалы сандарды қосу және азайтудың ауызша тәсілдері	1	15.02	
23.	Теңдеу, өрнек. Санды және әріпті өрнектер	1	22.02	
24.	Құрама есептер	1	1.03	
25.	Көбейту кестесі	1	15.03	
26.	Көбейту және бөлу	1	5.04	
27.	Көбейту және бөлу	1	12.04	
28.	Ребустарды шешу	1	19.04	
29.	Салыстыру	1	26.04	

30.	Салыстыру	1	3.05	
31.	Диаграмма	1	10.05	
32.	Шырпы таяқшаларымен есептер	1	17.05	
33.	Шырпы таяқшаларымен есептер	1	17.05	
34.	Жылдық білімін бекіту	1	24.05	